

Садықова Р.Т.
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Қазақстан, Семей
e-mail: srt74@mail.ru

СЕМЕЙЛІК ӘДЕБИ ОРТАДА ТУҒАН БАСПАСӨЗДЕГІ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада ұлт баспасы, дәлірек айтқанда Семейлік әдеби ортада туған баспасөздегі Алаш идеясы туралы айтылады. Алаш идеясы - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Семей қаласының әдеби ортасында дамыған тұжырымдама. Алаш идеясын дамытуда қазақ ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлері маңызды рөл атқарды. Алаш идеясының негізгі қағидаттары қазақ халқын біріктіруге, ұлттық мәдениет пен тілді сақтауға, дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік пен теңдік үшін күреске шақыруды қамтыды.

Ұлтымыздың көсемсөз жанры еліміздің қалың ұйқыдан оянуына, мәдени-әдеби көзқарасының қалыптасуы мен кеңеюіне маңызды ықпал еткен рухани құрал болды. Жалпы, үгіт-насихат қызметі аясында баспасөздің ерекшелігі үлкен маңызға ие. Сондықтан да, баспадан шыққан барлық еңбектер еліміздің тарихының әр күніне, әр айына, әр жылына жинақталған жинақ болып табылады.

Тірек сөздер: Ұлт баспасы, баспасөз, Алаш мұрасы, Алаш идеясы, Алаш қайраткері, зиялы қауым, ағартушылық жол.

Садықова Р.Т.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: srt74@mail.ru

Идея Алаша в печати, рожденная в Семипалатинской литературной среде

Аннотация. В статье говорится о национальной прессе, точнее, об идее алаш в прессе, зародившейся в семипалатинской литературной среде. Идея Алаша - концепция, разработанная в литературной среде города Семей в конце XIX - начале XX веков. Важную роль в развитии идеи Алаша сыграли казахские поэты-писатели и общественные деятели. Основные принципы идеи Алаш включали призыв к объединению казахского народа, сохранению, развитию национальной культуры и языка, а также борьбе за социальную справедливость и равенство.

Пресловутый жанр нашего народа был духовным инструментом, оказавшим важное влияние на пробуждение нашей страны от глубокого сна, формирование и расширение ее культурного и литературного мировоззрения. В рамках пропагандистской деятельности пресса имеет большое значение.

Ключевые слова: Национальное издательство, пресса, наследие Алаша, идея Алаша, деятель Алаша, интеллигенция, образовательный путь.

Sadykova R.T.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: srt74@mail.ru

The idea of Alash in print, born in the Semipalatinsk literary environment

Abstract. The article talks about the national press, more precisely, about the idea of alash in the press, which originated in the Semipalatinsk literary environment. The idea of Alash is a concept developed in the literary environment of the city of Semey in the late XIX - early XX centuries. Kazakh poets, writers and public figures played an important role in the development of the idea of Alash.

The notorious genre of our people was a spiritual instrument that had an important impact on the awakening of our country from deep sleep, the formation and expansion of its cultural and literary worldview. Within the framework of propaganda activities, the press is of great importance.

Key words: National publishing house, press, Alash heritage, Alash idea, Alash figure, intelligentsia, educational path.

Кіріспе. Ұлт баспасы – әр елдің мемлекет болып, біртұтас «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарар» болуына қызмет ететін бірден-бір адамгершілік күш. Ұлтымыздың оянуына, мәдени-әдеби көкжиегінің қалыптасуына, кеңеюіне баспасөздің ықпалы зор болды.

Саяси-экономикалық мәселелермен қатар, білім саласының жай-күйі, өнер-білімнің игілігі, басқа елдердің мәдени жетістіктері, қазақ әдебиетінің құндылығы, мәдениеті, әдебиеті мен өнері, т.б. баспасөз арқылы жұртшылыққа жетіп отырды.

Қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен тығыз байланысты. Осы кезеңде сан алуан кезеңдерден өтіп, бүгінде егемен елдің демократиялық тұрғыдан дамыған баспасөзіне айналды. Қазақ баспасөзі әлі де болса қоғамдық пікірдің драйвері. Көсемсөз жанры – еліміздің дұрыс бағытталуына, оянуына, мәдени-әдеби көзқарасының қалыптасуына, кеңеюіне ықпал еткен мықты тетік болды.

Зерттелу әдісі. Салыстырмалы талдау, жалпы талдау, тарихи және типологиялық талдау, құрылымдық талдау, өмірбаяндық және психоаналитикалық талдау қолданылды.

Зерттелу қорытындысы. Алаш мұрасы - ордалы ортамызға тәуелсіздіктің орнауымен оралған мол тарихи, рухани қазына. Тарихтың қойнауына еніп, өткеннің еншісіне айналған «қазынаны» табу, іздеу жұмыстары әрдайым қажырлықты, табандылықты, іздемпаздықты қажет етеді.

Негізгі ережелер. XX ғасырдың басында қазақтың рухани-мәдени орталығына айналған, Семейдің әдеби ортасын біріктірген азаттық идеясының тарихи негізі - отаршылдық езгі мен азаттық жолындағы күрес тарихы болды. Ал оның әдеби өзегі біздің төл әдебиетіміз, ең бастысы, Абай сөзінің үлгісі. Ә. Бөкейхан: «Абай идеясы - қазақтың идеясы» [1, б. 6], - деп атап өткендей, Абай Алаш арыстарының іргетасына, үлгі-өнегесіне айналды.

XX ғасырдың басында Абай салған ағартушылық жолмен жүрген әдебиетіміз

ұлттық идеяларға толы болып, елді өнерге, білімге шақырды, тәуелсіз ел болудың жолын көрсетті. Әдебиетіміз XX ғасырдың басында осындай қоғамдық міндеттерді орындады, олардың мазмұны мен маңызы басым болды. Қазақ зиялылары тек оқытумен, білім берумен ғана емес, саясатпен де айналысып, ел үшін адал қызмет етті. Олар – ұстаз, ғалым, қайраткер. Қоғамның қай саласы болмасын елге қамқорлық жасау үшін көп жұмыс жасады. Олардың қызметі орыс төңкерісі жылдарында және одан кейінгі жылдары отаршыл билікке петиция ұйымдастырумен болды.

Баспасөздегі Алаш идеясы – Семей қаласының әдеби ортасында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында дамыған тұжырымдама. Ол қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін қозғалысымен және Қазақстан аумағында тәуелсіз мемлекет құрумен байланысты болды.

Алаш идеясын дамытуда қазақ ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлері маңызды рөл атқарды, олар өз шығармалары мен газет-журналдардағы жарияланымдары арқылы ұлттық сана мен бостандық үшін күрес идеяларын насихаттады.

Алаш идеясының баспасөздегі негізгі қағидаттары қазақ халқын біріктіруге, ұлттық мәдениет пен тілді сақтауға және дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік пен теңдік үшін күреске шақыруды қамтыды.

Семей қаласының әдеби ортасы қазақ халқын отаршылдық езгіден босатуға және оның ұлттық бірегейлігін бекітуге ұмтылған белсенділер мен зиялылар жиналып, әрекет еткен Алаш идеясын баспасөзде тарату орталықтарының бірі болды.

Осылайша, Семейлік әдеби ортада пайда болған Алаш идеясы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда және оның тәуелсіздігі үшін күресте маңызды рөл атқарды.

Ерекше атап өтетін жағдай: «Семейлік әдеби ортада туған баспасөздің ағартушылық қызметі – Батыс, Шығыс көсемсөз мұраларынан нәр алып,

әдебиетімізде көсемсөз жанрының қалыптасуына негіз болған Абай, Шоқан, Ыбырай шығармаларынан бастау алады. Ал олар орыс, Батыс және Шығыс әдебиетіндегі публицистикалық шығармалардан нәр алған. Сонымен қатар олар Қырым, Қазан, Уфа, Омбыдағы түрік тілді басылымдармен танысып, сол арқылы ұлт әдебиетіндегі көсемсөз жанрын туғызуға үлестерін қосты» [1, б. 40].

Осы кезеңде зиялы қауым өкілдері Абайдың ұлттық идеясын насихаттаумен айналысты. Қазақ ортасында тың өзгерістер белең алып, мұсылман және Ресей оқу орындарын бітірген азаматтар тобы қалыптасты. Дәл осы азаматтар ұлтымыздың дамуы үшін қазақ баспасөзі қажет екенін атап өтті.

Осы аталған мәселелерді қолға алып, қызмет атқару үшін елімізде: «Жалпы халықты қамтитын әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени қоғамдық құбылыс ретінде Абай көтерген бастапқы ағартушылық кезең мен негізгі ағартушылық, немесе Алаш ағартушылығы кезеңі басталды» [2].

«Алаш ағартушылығы кезеңінде қазақ баспасөзінің құрылуы мен дамуына үлес қосқан қайраткерлердің барлығы Ресей және Еуропадан білім алып келгендер. XIX ғасырдың 1920-шы жылдарынан 1917 жылға дейінгі аралықта университеттерде 30-ға жуық жас қазақтар оқыған. Оның 17-сі заңгер, қалғаны өзге мамандық иелері. Көрсетілген уақыт ішінде Санкт-Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері білім алған, олардың қатарында көрнекті қоғам қайраткерлері Б.Қаратаев, М.Шоқай, Ж.Ақбаев, А.Тұрлыбаев, Ж.Досмұхамедұлы, Б.Сырттанов, Б.Құлманов, С.Жанайдаров, т.б. бар. Х.Досмұхамедұлы әскери медицина академиясын бітірсе, Ә.Ермеков Томскідегі технология институтын тәмамдаған, ал М.Тынышбаев Санкт-Петербургтегі теміржол транспорты институтын, Ж.Сұлтанбаев Варшава мал дәрігерлік институтында оқыған» [3, б. 120].

Ұлт-азаттық күрестің, халықтық қозғалыстың ізашарларының басты мақсаты - орыс революциясының саяси әлеуметтік мәнін терең түсініп, бодан ел

болып, өнер мен білім жолына түсу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, Алашорда үкіметі құрылды да, зиялы қауым бірікті. Олар алдарына айқын мақсат қойып, бағыттарын анықтап, газет шығару мәселесін көтерді. Бұл мәселе 1917 жылы өткізілген Семей облыстық қазақтар съезінде арнайы талқыланып, қаулы қабылданды. Аталған қаулыға тоқталсақ:

«Семей съезінің қаулысы. Баспа сөз һәм почта

Қазіргі зор өзгеріспен таныстырып, халықтың мұң-мұқтажын, тілегін бір жағадан шығаруға осы күні халыққа баспа сөз өте керек. Әсіресе алдымыздағы мемлекет негізін құратын кеңеске халықты даярлауға үндейтін Семейде шықпақ «Сарыарқа» газетін тез шығару қамына кірісіп, кітапшалар бастырылсын.

Газет, кітап бастыратын серіктік ашылсын: Серіктік жарнасы 25 сом болсын. Халыққа хат, хабар, газеттер тез тарап жетіп тұруы үшін волостной комитеттер жұмасына бір қабат қаладан почта тасып тұрсын; ауыл-ауылға таратып беру ауыльный комитеттердің мойнында болсын» [4].

Осылайша, «Сарыарқа» газеті шығарылып, оның шығуына жауапты Халел Ғаббасұлы болып тағайындалып, ауқатты азаматтар қол ұшын беретін болды. 1917 жылы 15 маусымда газеттің алғашқы саны басылып шықты. «Бұл басылымның көтерген мәселесі: қазақ теңдігі, автономия мәселесі, Алаш қозғалысын нығайту, дербес мемлекет жасаудың жолдарын көрсетуге талпыну, жоғалған елдікті қайта орнықтыру. Жалпы Сібір сиезінің қаулылары, шарттары жөніндегі мағлұмат, жалпы қазақ сиезінің қаулы-қарарлары, Алашорданың Семей бөлімшесінің іс-әрекеті туралы материалдар осында басылған» [5, б. 60].

«1913-1918 жылдардағы қазақ ұлттық баспасөзін танытатын «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Алаш» (Ташкент), «Жас азамат» (Қызылжар) газеттері мен «Абай» журналы (Семей) беттеріндегі деректемелік материалдарсыз Алаш қозғалысының пайда болуы мен нақтылы

қызметін, Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде алатын орнын тарихи шындыққа сай көрсету мүмкін емес. Бұл басылымдарда Алаштың қоғамдық қозғалыс болып қалыптасуы, оның саяси партия дәрежесіне көтерілуі, ұлттың саяси партия құрылған 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақтық съезд Алаш автономиясын жариялап, Алашорда үкіметін құрған 1917 жылы желтоқсанда өткен Екінші жалпықазақтық съезд туралы түпнұсқалық маңызы бар деректер көптеп кездеседі» [6, б. 128]. Бұл аталған басылымдар беттерінде қоғамда болып жатқан әртүрлі оқиғаларға байланысты көзқарастар мен пікірлер жарияланып отырды.

«Сарырақа» газеті ұзаққа бармай, жабылып, оның орнына «Қазақ тілі» газеті шығарылды. Бұл басылымда Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, М. Тұрғанбаев, С. Торайғыров, Ш. Керейбаев сынды ұлт зиялылары қызмет атқарды.

Қорытынды. Кез-келген басылымның қалыптасуына ұйымдастырушының, яғни жауапты баспагердің беделі, тұлғасы, шеберлігі мен білімі үлкен әсер ететіні белгілі. Халел Ғаббасұлы Мәскеу университетінің физика-математика факультетін алтын медальмен, Райымжан Марсекұлы - Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Имам Әлімбаев – жауапты шығарушы қызметкер болды.

Қазіргі кезде «Сарыарқа» газетінің сақталған сандары көп емес. Ол туралы алаштанушы, академик Дихан Қамзабекұлы былай деген еді: «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорында тарихтың тірі куәсі іспеттес бұл басылымның шамалы ғана саны бар. Мәскеу, Петербург кітапханаларындағы «Сарыарқа» газеті мұхият сақталғанмен, сандары түгел емес. 1991 жылы Ұлттық кітапханамыз Қырғызстан кітапханалары

қорынан ұзақ сақталып келген «Сарыарқа» тігіндісін алдыртты» [7]. Ал Химки қаласындағы Ресейдің мемлекеттік кітапханасында аталған газеттің 1917, 1918 және 1919 жылдары жарық көрген, жалпы жиыны елу бес саны сақталыпты.

Осылайша, семейлік әдеби ортада туған алаш идеясы, ұлы Абайдың ұлттық идеясы баспасөз арқылы дамыды.

Әдебиеттер тізімі

1. Садықова Р. Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Семей, 2021. – 116 б.
2. Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең): филол. ғыл. док. ...автореф. - Алматы, 2001. - 49 б.
3. Темірбеков О. Алаш қозғалысы. - Алматы: Алаш, 2008. - 214 б.
4. Оқшау сөз // Сарыарқа. - 1917. - № 5.
5. Нұрпейісов К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақ тарихы. - 1998. - № 4.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 243 б.
7. Қамзабекұлы Д. Руханият. - Алматы: Білім, 1992. - 272 б.

References

1. Sadyqova R. Semeidegi Alaş ädebi ortasy jäne Halel Ğabbasūly mūrasy: şyğarmaşylyq yqpaldastyq. Filosofia doktory (PhD) дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiya. – Semei, 2021. – 116 b.
2. Qamzabekūly D. Ädebi-tarihi proses: ağymdar, konsepsialar (ağartuşylyq kezeñ): filol. ғыl. dok. ...avtoref. - Almaty, 2001. - 49 b.
3. Temirbekov O. Alaş qozğalysy. - Almaty: Alaş, 2008. - 214 b.
4. Oqşau söz // Saryarqa. - 1917. - № 5.
5. Nürpeisov K. Alaştyñ küresker üly // Qazaq tarihy. - 1998. - № 4.
6. Nürpeisov K. Alaş һәм Alaşorda. - Almaty: Atatek, 1995. - 243 b.
7. Qamzabekūly D. Ruhaniat. - Almaty: Bilim, 1992. - 272 b.

Автор туралы мәлімет:

Садықова Раиса Төлеуқызы

Лауазымы: PhD доктор, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, 408-15-39

Ұялы.тел 87014144595

E-mail: srt74@mail.ru

Сведения об авторе:

Садықова Раиса Төлеуқызы

Должность: PhD, УО «Alikhan Bokeikhan University»

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, 408-15-39

Сот. тел: 87014144595

E-mail: srt74@mail.ru

Information about the author:

Raisa Sadykova

Position: doctor PhD, «Alikhan Bokeikhan University»

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, 408-15-39

Mob.phone: 87014144595

E-mail: srt74@mail.ru